

«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ
Директорлар кеңесінің 2024
жылғы «22» ақпан (№ 02/24
хаттама) шешімімен бекітілген

«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның адам құқықтары саласындағы саясаты

«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам) қызметі халықаралық нормаларға, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның еншілес ұйымдарына (бұдан әрі – ЕҰ) бейімделген Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

Қоғам Біріккен Ұлттар Ұйымы жариялаған адамның іргелі құқықтарын, өмір сүру мен бостандыққа, құлдық пен азаптаудан азат болуға, наным бостандығы мен оларды еркін білдіруге, еңбек құқықтарына, гендерлік теңдік құқығына, қолайлы қоршаған орта құқығына, халықтың ерекше топтарының құқықтарына және басқаларына деген құрметтеу мен сақтаудың маңыздылығын мойындайды. Бұл құқықтарға ешқандай кемсітусіз барлық адамдар ие болуы тиіс.

Осы Саясат адам құқықтарын сақтау саласындағы бірыңғай тәсілдер мен талаптарды қалыптастырады.

Осы Саясатты қабылдай отырып, Қоғам оның ережелерін орындауға міндеттенеді. Қоғам өз қызметін жүзеге асыра отырып, адам құқықтары мен қызметкерлердің, Қоғам қызметі әсер еткен қоғамдастықтың қадір-қасиеттерін құрметтеу қағидатын ұстанады.

Қоғам өз қызметінің адам құқықтарына теріс әсерін болдырмау мен жеңілдету жөніндегі шараларды ұдайы жетілдіруге ұмтылады және осы мақсатта тұрақты негізде өз әсерінің әлеуетті және нақты салдарларын бағалау мен бақылау жөнінде жұмыс жүргізеді және оңтайлы стратегиялар мен шешімдер әзірлейді.

Қоғам Қазақстан Республикасының Конституциясында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасында жазылған адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Қоғам адам құқықтарын сақтау жөнінде мынадай ерікті міндеттемелер қабылдайды:

1. Қоғам адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтейді, әріптестері немесе басшылығы тарапынан жұмыс орнындағы кез келген физикалық, ауызша, сексуалдық немесе психологиялық қысым көрсетуден немесе қудалаудан, агрессиядан, қиянат жасаудан немесе қорқытудан азат жұмыс ортасын қолдайды.

2. Қоғам нәсілі, жынысы, тілі, терісінің түсі, жасы, этникалық тиесілігі, діні, мүгедектігі (ауруы), ұлты, шығу тегі, отбасы жағдайы, әлеуметтік мәртебесі, сексуалды бағыттануы немесе жеке еңбек нәтижелерімен байланысты емес өзге де сипаттамалары негізінде кез келген

адамға қатысты кемсітушіліктің кез келген нысандарына, сондай-ақ қудалау мен қатыгез қарым-қатынасқа жол бермейді және оны жоюға ұмтылады.

3. Қоғам әйелдер мен ерлер тең мүмкіндіктерінің теңдігін, тең жұмыс үшін бірдей ақы төлеуді мойындайды.

4. Қоғам балаларға, мәжбүрлі және зорлық-зомбылық еңбегіне жол бермейді.

5. Қоғам жұмыс орнында кез келген нысанда зорлық-зомбылыққа жол бермейді.

6. Қоғам өзінің барлық жұмыскерлері үшін жұмыс орындарында қауіпсіз және салауатты өндірістік ортаны қамтамасыз етеді.

7. Қоғам жергілікті тұрғындардың құқықтарын, мәдени ерекшеліктері мен әдет-ғұрыптарын құрметтейді.

Қоғам:

– жұмыскерлермен;

– өнім берушілермен және мердігерлермен;

– Қоғамы бар өңірлердегі жергілікті халықпен;

– басқа да мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынаста жоғарыда көрсетілген қағидаттарды ұстанады.

Қоғамның іскерлік серіктестері барлық жұмыскерлердің жеке басының бостандығын, құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеумен, әділ және тең құқықты қараумен, жұмыс орнында кемсітушілікке, зорлық-зомбылыққа немесе қысымшылыққа жол бермеуді растайды және кепілдік береді.

Қоғам адам құқықтарының бұзылуын болдырмау жөнінде шаралар қабылдайды.

Егер Қоғам адам құқықтарына кері әсер етуге не себеп болғанын немесе оған үлес қосқанын анықтаған жағдайда, Қоғам осындай әсерлерге қарсы күресу үшін заңды рәсімдерді қолдануға, мүдделі тараптармен ынтымақтасуға және жұмыскерлер немесе өзге де тұлғалар өздерінің құқықтары бұзылды деп есептеген жағдайда диалог жолымен жағдайдан шығудың жолын табуға дайын.

Қоғам заңды, қолжетімді, әділ, ашық болуға тиіс шағымдарды қарау процестерінің жұмысын қамтамасыз етеді. Қоғам анонимділік пен құпиялылықты, бейтарап қарауды, кемсітушілікке немесе өтініш беруші үшін өзге де теріс салдарларға жол бермеуді және нәтижелері бойынша кері байланыс алуды қамтамасыз ететін өтініштерді беру мен қарау арналарының формалдандырылған, сыртқы және ішкі мүдделі тараптар үшін қолжетімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Келіп түскен әрбір өтініш мұқият тексерілуге жатады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасы өтініштерді қарау тәртібін реттейді.

Қоғам адам құқықтарын бұзушылықты қабылдамайтыны туралы ашық мәлімдейді және осы Саясатты Қоғамның ресми сайтына еркін кіруге орналастырады.

Қоғамның барлық жұмыскерлері заңнаманың және осы Саясаттың талаптарымен танысуға және ұстануға тиіс.

Осы Саясат адам құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық стандарттардың және Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін мерзімді қайта қарауға жатады.